**Автор**: Тренова Жанат Амыртаевна
**Пән**: Жаратылыстану
**Сынып**: 2-сынып
**Бөлім**: Мен зерттеушімін: Ғылым мен зерттеушілердің ролі
**Тақырып**: Қандай денелер жарық өткізеді?

---

| | |
|---|---|
| Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары) | 2.5.2.1- кейбір денелердің жарықөткізгіштік қасиетін зерттеу;<br>2.1.2.5 - құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; |
| Сабақ міндеттері | Барлық оқушылар: Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді.<br>Оқушылардың басым бөлігі: Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады.<br>Кейбір оқушылар: Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басталуы<br>(5 мин) | Ұйымдастыру кезеңі<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру:Шаттық шеңбері<br>Сабақ мақсатымен таныстыру<br>Топтарға бөлу. **«Кір жаятын жіп»** әдісі бойынша<br>Жіпте жайылған фотосуреттерді алып,түріне сай топтарға бөлінеді.<br>**«Жасанды жарық»тобы** Қол шам,аспашам,шырақ,отшашу<br>**«Табиғи жарық»** тобы Күн,ай,жұлдыз,найзағай<br>Топ ережесі: 1.Бір-бірін мұқият тыңдау<br>2.Сабаққа белсенді қатысу 3.Әділ бағалау<br>Диалог құру -Жарық дегеніміз не?<br>-Жарық нешеге бөлінеді?<br>-Табиғи жарыққа нелер жатады?<br>-Жасанды жарыққа нелер жатады? | Шаттық шеңбері 1-топ:Жасанды жарық 2-топ:Табиғи жарық |
| Сабақтың ортасы<br>(2 мин) | Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады.<br>«Ой қозғау»<br>Балалар денелер мен заттар жарықты өткізе ме?<br>Жарық:ауа,шыны,су секілді мөлдір денелерден өтеді.<br>Мөлдір емес денелер жарықты өткізбейді. Судың қандай қасиеттері бар?<br>Су –сұйық,судың қатты күйі-мұз,бу-газ күйі,мөлдір болады. Мөлдірлік-судың жарық өткізетін және белгілі бір тереңдіктегі заттарды көрсететін қасиеті. | «Миға шабуыл» әдісі |
| Талдау.Тәжірбие жасау<br>(5 минут) | Ұжымдық жұмыс<br>Тәжірбие жасау<br>1-тапсырма: Бірінші стақан арқылы басқа заттарды көруге болама? (Ия,себебі су мөлдір.) Екінші стакан арқылы басқа заттарды көруге болама? (Жоқ,себебі сүт мөлдір емес.) Дескриптор: Оқушылар тәжірбие жасау арқылы денелердің мөлдір,мөлдір емес екенін анықтайды. | «Бақылау әдісі» Қ.Б:ауызша мадақтау «Өте жақсы!» «Жарайсың!!» |
| Ұжымдық жұмыс<br>(3 минут) | Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>Суреттерді астындағы жазуларына сәйкес боя.<br>Ұжымдық жұмыс<br>Қ.Б :жауап берген оқушыға жұлдызша<br>2-тапсырма:Төрт ыдыс<br>-Бұл ыдыстардың қайсысы арқылы қоршаған заттарды көруге болады?(Шыны және мөлдір стақан.)<br>-Егер осы ыдыстарға жарықты бағыттаса не болады деп ойлайсыңдар?(Мөлдір заттың ар жағынан жарық көрініп тұрады,мөлдір емес заттан көрінбейді.) | Тамаша! «Әлемді шарлау» әдісі арқылы түсіндіріледі. |

<table>
<tr><th>Сабаққезеңдері</th><th>Жоспарланған іс-әрекет</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Зерттеу жұмысы.Постер жазу<br>(13 минут)</td><td>Зерттеу жұмысы<br><table><tr><td>Мөлдір</td><td>Мөлдір емес</td></tr><tr><td>есік шынысы</td><td>парта</td></tr><tr><td>терезе шынысы</td><td>шкаф</td></tr><tr><td>пластикалық құты</td><td>кітап</td></tr><tr><td>ваза</td><td>тақта</td></tr></table><br>Дескриптор: Зерттеу жасай отырып,мөлдір мөлдір емес заттарды анықтайды.</td><td><br><br>«Бағдаршам» әдісі «Медузалар» туралы бейнематериалды көріп өз ойларын толықтырады</td></tr>
<tr><td>Сергіту сәті<br>(2 минут)</td><td>Сергіту сәті «Күн мен түн»ойыны</td><td></td></tr>
<tr><td>Жұппен жұмыс<br>(10 минут)</td><td>5-тапсырма: Жұппен жұмыс<br>Қ.Б:(оқушылар бір-бірін «Бас бармақ»тәсілімен бағалайды «Жарық өткізеді»және «Жарық өткізбейді»<br>Дескриптор: Оқушылар жарық өтізетін және жарық өткізбейтін денелерді анықтап,ажырата біледі. Бағалау: Топ басшысы бағалайды.</td><td>«Бас бармақ»әдісі<br><br><br>Смайликтер</td></tr>
<tr><td>Үйге тапсырма<br>(1 мин)</td><td>Үйге тапсырма: Жұмыс дәптерінен 51-жұмыс.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы.Рефлексия<br>(3 минут)</td><td>Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?<br>«Ақылды үкі» әдісі<br><br><br>Мен бәрін түсіндім,Сабақ өте қызықты болды.<br><br><br>Сабақты түсіндім,әліде үйренерім көп.<br><br><br>Сабақ қызықсыз өтті,ешнәрсе түсінбедім.<br><br>Қорытынды бағамдау.<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:Оқушыларды сабақтың әр кезеңінде бағалау.<br>2: «Әлемді шарлау»әдісі Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:Зерттеу жұмысы барысында оқушылар талқылайды,өз пікірін дәлелдейді.<br>2:Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</td><td></td></tr>
</table>